

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасы**  
**«Қалалық қан орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық**  
**кәсіпорны**

**Х А Т Т А М А**

**Шымкент қаласы**

**№10**

**«14» наурыз 2024 жыл**

**Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлық көріністерінің профилактикасына және мемлекеттік қызметшілерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу бойынша» семинарлық сабак.**

**Катысқандар:** «Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық қан орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының қызметкерлері: директордың медицина жөніндегі орынбасары Астанаева Ж.О., бас есепші Болегенова Б.О., кадр бөлімінің қызметкерлері және барлық бөлімшелерінің меншерушілері мен мейірбикелері.

**Күн тәртібінде:** Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық қан орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны заң кеңесшісі М.Дауылбаев «Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті» тақырыбында семинар кеңес өткізді.

Сыбайлас жемқорлықпен куресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасіret болып табылатын ол саяси тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қайдаму қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіндігінің даусыз екендігіне заңгер егжей-тегжейлі мәселесіне тоқталды.

Бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен тұрашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтың экономиканы құрту инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен курес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті

ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сондай-ақ, жемқорлықпен қарсы куресте барлық адамдар – заң мен сот алдында тең. Жеке және занды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен занды мұдделерін қалпына келтіру, сыйбайлас жемқорлық пен құқықбұзуышылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу – жалпыға ортақ міндет деп сөз соңын баяндамашы қорытындылады.

Іс-шараға қатысуышылар бейнебаянды көріп шығып және жемқорлыққа қатысты суреттерді қарап көріп, жемқорлықты тек ұжыммен бірлесіп күресу қажеттілігін айтты, сонда жемқорлықты жеңетінін көпшілік макұлдады.

**Заң кеңесшісі:**

**М.Дауылбаев**